

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 30 қарашадағы № 1237 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 желтоқсанда № 33713 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 640 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14624 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларында:

3-тармақтың 1)-тармақшасына орыс тілінде өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

11-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен жергілікті уәкілетті органдар ведомства белгіленген мерзімде ведомствоға жартышылдық және жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынады. Республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің мерзімі есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 8 ақпанынан кешіктірілмей, ал жергілікті уәкілетті органдары үшін есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 13 наурыздан кешіктірілмей белгіленеді.";

12-тармақтың оныншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ведомство және жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган талдамалық мақсаттарда осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірмей нысандар бойынша ағымдағы қаржы жылының 30 маусымдағы жағдай бойынша жартышылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды.";

13-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

""Ақпараттық жүйе арқылы есептілікті ұсынатын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қоспағанда, қаржылық есептілікке есептілікте бірінші және екінші қол қою құқығы туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі.";

31 және 32-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ашылымдарда мынадай ақпарат ұсынылады.

"Ақшалай қаражат және олардың баламалары" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 010-жолы):

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 1-кестесіне сәйкес есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы ақша қаражатының қалдығы туралы деректер.

"Қысқа және ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 011 және 110-жолдары):

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5- нысанының 2 және 5-кестелеріне сәйкес есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы қаржылық инвестициялар (квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қаржылық инвестициялардан басқа) және өзгерістері бойынша деректер;

квазимемлекеттік сектордың субъектілеріне салынған ұзақ мерзімді инвестициялар (квазимемлекеттік сектор субъектілерінің атауы мен тұрғылықты жерлері, жарғылық капиталында мемлекеттің қатысу үлесі) бақыланатын және басқа субъектілер бойынша жеке ақпарат;

қаржы инвестицияларының жекелеген сыныптары бойынша (әділ, амортизацияланған немесе қандай да бір өзге құны бойынша) кейіннен бағалау;

берілген қарыздар бойынша ақпарат;

қаржы инвестицияларының және берілген қарыздардың құнсыздануының объективті және кейіпкер белгілерінің болуы;

есепті қүнге қаржы инвестицияларына байланысты тәуекелдердің сипаты мен мөлшерлері;

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 21-кестесіне сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілерінің дивидендтері мен таза табысының бөлігі бойынша кірістердің бюджеттік сыныптамасының тиісті кодына аударылған және бюджетке аударылған сома туралы ақпарат;

инвестициялары олардың таза активтерінің мөлшерінен асатын квазимемлекеттік сектор субъектілері бойынша ақпарат.

"Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді дебиторлық берешек" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1- нысанының 012, 013, 014, 015, 016, 017, 018, 019, 021, 023, 111, 112 және 113-жолдары):

есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы дебиторлық берешекті салыстыруды, есепті кезең үшін дебиторлық берешек сомасындағы өзгерістерді талдау ұсынылады;

байланысты тараптармен (өз жүйесінің мемлекеттік мекемелері мен бақыланатын субъектілер) операциялар бойынша ақпарат;

күмәнді дебиторлық берешек бойынша құрылған резерв жөнінде есеп айырысулар;

есептен шығарылу себептерін көрсете отырып, күмәнді дебиторлық берешек бойынша есептен шығарылған үмітсіз борыштардың сомалары;

трансфертер мен субсидиялар бойынша берешек ақпарат туралы;

банкроттардың және мәжбүрлеп таратылатын өзге де занды тұлғалардың салық берешегін қоса алғанда салық түсімдері бойынша бюджетпен есеп айырысу бойынша күмәнді дебиторлық берешек бойынша резерв жөніндегі ақпарат.

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШКЕ-5-нысанының 22-кестесіне сәйкес есепті кезеңің басындағы және аяғындағы салық түсімдері бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша дебиторлық берешекті салыстыруды ұсынады.

"Қорлар" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШКЕ-1-нысанының 020-жолы):

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШКЕ-5-нысанының 4-кестесіне сәйкес түсімдерді, қорлардың құнсыздануынан болған залал және өзге өзгерістерді көрсететін есепті кезеңің басында және аяғындағы баланстық құнның салыстырmasын ұсынады;

корларды бағалау әдістері;

корлардың құнсыздануына арнап құрылған резерв жөніндегі есеп айырысулар;

корлардың құнсыздануына арнап резерв құру себептері;

корлардың құнсыздануынан болған залалды қалпына келтіру себептері мен сомалары;

ауыл шаруашылық өнімдерінің әрбір тобының оны алу (жинау) кезінде әділ құнын айқындау кезінде пайдаланылған әдістер туралы ақпарат.

"Өзге қысқа мерзімді активтер" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШКЕ-1 -нысанының 022-жолы) жылдың басында, жылдың аяғында қозғалысы (ұлғауы және азауы) болуы туралы деректердің есепті кезендегі өзге қысқа мерзімді активтердің түрлері бойынша сипаттамасы.

"Ұзақ мерзімді активтер" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШКЕ-1-нысанының 114, 116 және 118-жолдары):

ұзақ мерзімді активтердің әрбір сыныбы бойынша "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШКЕ-5-нысанының 6, 7 және 9-кестелеріне сәйкес түсімді, амортизацияны, құнсызданудан болған залалды және өзге өзгерістерді көрсететін есепті кезеңің басына және аяғына арналған баланстық құн салыстырmasын ұсыну қажет;

ұзақ мерзімді активтерді бағалау әдістерін;

ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануына арнап құрылған резерв бойынша есептеулерді;

ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануына арнап резерв құру себептерін;

ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануынан болған залалдарды қалпына келтіру себептері мен сомасын;

уақытша тұрып қалған ұзақ мерзімді активтер туралы ақпаратты;

толығымен амортизацияланған, бірақ пайдаланылып жүрген ұзақ мерзімді активтер туралы ақпаратты;

ұзақ мерзімді активтерді жалдаудың түрлері, мерзімі, шарттары туралы ақпаратты ұсыну қажет.

Ұзақ мерзімді активтер қайта бағаланған құны бойынша көрсетілген жағдайда:

қайта бағалау жүргізілген күні мен оны өткізу үшін негізде туралы;

тәуелсіз бағалаушының қатысуы (лицензиясының нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып) туралы;

ұзақ мерзімді активтер объектісінің әділ құнын анықтау үшін пайдаланылған әдістер туралы ақпаратты ұсыну қажет.

Сенімгерлік басқаруға берілген активтер бойынша және сенімгерлік басқарудан түсken кірістер мен шығыстардың түрлері бойынша ақпарат.

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 23-кестесіне сәйкес "Аяқталмаған құрылыш және күрделі салымдар" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 115-жолы) құрылышы аяқталмаған объектілердің шығындары мен оған күрделі салымдар бойынша ақпарат ұсынылады.

"Биологиялық активтер" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 117-жолы):

биологиялық активтердің әрбір тобына сипаттама берілсін;

биологиялық активтердің әрбір тобының әділ құнын анықтау үшін пайдаланылған әдістер туралы ақпарат;

іс жүзіндегі шығындар бойынша бағалау жағдайында түсімдер, амортизация, құнсызданудан болған залал және өзге өзгерістері түсіндірме жазбаның "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 8-кестесіне сәйкес көрсетілетін есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы баланстық құн салыстырмасы ашып көрсетілсін.

"Материалдық емес активтер" бабы бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 118-жолы).

"Өзге ұзақ мерзімді активтер" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 120-жолы) жылдың басында және аяғында қозғалысы (ұлғауы және азауы) болуы туралы деректердің есепті кезеңдегі өзге қысқа мерзімді активтердің түрлері бойынша сипаттамасы.

Алынған немесе жалға берілген, сондай-ақ концессияға берілген мұлік бойынша ақпарат.

"Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 210 және 310-жолдары) :

қарыз алудың түрлері, шарттары және сомалары;

қаржылық міндеттемелердің жекелеген сыныптары бойынша (әділ, амортизацияланған немесе қандай да бір өзге құн бойынша) кейіннен бағалау;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша міндеттемелер жөніндегі ақпарат;

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 10 және 11-кестелеріне сәйкес есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы өзгерістер.

"Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген бап бойынша ("ШҚЕ-1 "Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" нысанының 211, 212, 213, 214, 215, 216, 217, 218, 219, 220, 221, 223, 224, 311, 312, 313 және 315-жолдары):

байланысты тараптармен (өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерімен және бақыланатын субъектілермен) операциялар бойынша ақпаратты;

пайдаланылмаған еңбек демалыстары бойынша резерв жөнінде берешекті есептен шығару және есепке алу жөнінде ақпарат;

кредиторлық берешекті есептен шығару сомалары мен себептері;

активтерді жалдау бойынша кредиторлық берешек туралы ақпарат;

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 22-кестесіне сәйкес есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы салық түсімдері бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша кредиторлық берешек туралы ақпарат;

вексельдер бойынша, оның ішінде төлем пайыздары бойынша есептелген сыйақы сомалары туралы ақпарат;

"Бағалау және кепілдік міндеттемелер" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 222 және 314-жолдары):

құрылған бағалау міндеттемелері жөнінде ақпарат;

есепті кезең ішінде бағалау міндеттемелерінің пайдаланылған сомалары;

шартты активтер мен шартты міндеттемелердің қысқаша сипаттамасы.

"Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 221-жолы) жылдың басында және аяғында қозғалысы (ұлғаюы және азаюы) болуы туралы деректердің есепті кезеңдегі басқа қысқа мерзімді кредиторлық берешек түрлері бойынша сипаттамасы.

"Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 315-жолы) жылдың басында және аяғында

қозғалысы (ұлғауы және азауы) болуы туралы деректердің есепті кезеңдегі басқа ұзак мерзімді міндеттемелер бойынша сипаттамасы.

"Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 223-жолы) жылдың басында және аяғында қозғалысы (ұлғауы және азауы) болуы туралы деректердің есепті кезеңдегі басқа қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша сипаттамасы.

"Резервтер" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1 -нысанының 411-жолы) қайта бағалау құны бойынша бағаланатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау жөнінде резервтер бойынша қалдықтар мен операциялар туралы ақпарат ұсынылады.

"Кірістер" және "Шығыстар" деген баптар бойынша ("Қаржы қызметінің нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп" ШҚЕ-2-нысанының 100 және 200-жолдары) есепті кезеңдегі кірістер мен шығыстар жөнінде ақпарат ұсынылады:

кірістердің әрбір санаты бойынша;

активтерді басқарудан түсетін кірістер мен шығыстар бойынша (инвестициялардан, қарыздардан, қаржылық жалдаудан сыйақылар және активтерді басқарудан түсетін өзге кірістер мен шығыстар бойынша);

негізгі құралдардың құнсыздануынан болған залалдар және бұрын танылған кірістер мен шығыстар бойынша;

негізгі құралдардың құнсыздануынан болған залалдар және бұрын танылған резервті қалпына келтіру бойынша;

корлардың құнсыздануынан резерв сомалары бойынша және бұрын танылған залалдарды қалпына келтіру;

есепті кезеңде және өткен жылдың ұқсас кезеңінде құрылған бағалау резервтерінің сомалары бойынша және бұрын танылған резервтерді қалпына келтіру.

"Өзге кірістер" деген баптар бойынша:

ұзак мерзімді активтердің әрбір саныбы бойынша – олардың әділ құнсының өзгеруінен алынған кірістер туралы;

өтеусіз қабылданған ұзак мерзімді активтер туралы;

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 12-кестесіне сәйкес басқа кірістер бойынша ақпарат ұсынылады.

"Өзге шығыстар" деген баптар бойынша "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 14-кестесіне сәйкес ақпарат ұсынылады:

ұзак мерзімді активтердің әрбір саныбы бойынша – активтерді түгендеу барысында айқындалған активтердің құнсыздануынан шыққан шығыстар туралы;

күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервтер жөнінде;

өтеусіз берілген ұзак мерзімді активтер/қорлар туралы.

"Бюджетке түсетін салықтық кірістер" деген бап бойынша "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 13-кестесіне сәйкес бюджетке салық түсімдерінен есептелген кірістердің сомалары, бюджетке түсетін түсімдерге әсер ететін негізгі факторлар туралы ақпарат және салық түсімдерінен түсетін кірістер бойынша өзге де ақпарат ұсынылады.

"Бюджетке трансфертердің түсіуі" деген бап бойынша республикалық және жергілікті бюджеттерге алынған трансфертер бойынша есептелген кірістердің сомасы туралы ақпарат ұсынылады.

"Салықтық емес түсімдер" деген бап бойынша республикалық және жергілікті бюджеттерге түскен салықтық емес түсімдер бойынша есептелген кірістердің сомасы туралы ақпарат ұсынылады.

"Бюджетке түсетін түсімдерді азайту бойынша шығыстар" деген бап бойынша ("Қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп" ШҚЕ-2-нысанының 137-жолы) "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 15-кестесіне сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер алдындағы бұрын есептелген кірістерді және аударылған кеден баждарын түзету кезінде туындайтын бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдердің азаюы бойынша шығыстар туралы ақпарат ұсынылады.

"Өтеусіз берілген/алынған ұзак мерзімді активтер/қорлар" деген бап бойынша "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 16 және 16-1-кестесіне сәйкес өтеусіз берілген/алынған ұзак мерзімді активтер/қорлар туралы ақпарат ұсынылады.

"Концессиялық активтер және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша басқа активтер бойынша ақпарат" деген бап бойынша "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 17-кестесіне сәйкес негізгі құралдардың түрлері бойынша концессиялық активтердің және мемлекеттік-жекеменшік серікtestіk шарттары шеңберінде алынған өзге де активтердің болуы туралы ақпарат ұсынылады.

"Өзара операциялар бойынша ақпарат" деген бап бойынша мынадай:

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 18-кестесіне сәйкес элиминирленген операцияларды анықтау мақсатында бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өзара операциялары бойынша кірістер мен шығыстардың түрлері бойынша;

бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне көшіру мақсатында "Ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)" ШҚЕ-3-нысанының 017 "Сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар" бабы бойынша көрсетілген сыртқы қарыз есебіне ақша қаражатының түсімдері бойынша ақпарат ұсынылады.

7120 "Бюджетпен есеп айырысулар бойынша шығыстар" шоты бойынша есептелген және аударылған сомалар бойынша ақпарат" бабы бойынша 7120 "Бюджетпен есеп айырысулар бойынша шығыстар" шоты бойынша есептелген және бюджеттің кірістері мен шығыстарын элиминирлеу бойынша операцияларды анықтау мақсатында "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 19-кестесіне сәйкес бюджет түсімдерінің санаттары бойынша бюджетке аударылған сомалар туралы ақпарат.

"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша міндеттемелер" деген бап бойынша "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 20-кестесіне сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде шартта көзделген қаржылық емес және қаржылық міндеттемелер бойынша міндеттемелер (инвестициялық және операциялық шығындарды өтеу бойынша, сыйақылар және өзге де міндеттемелер бойынша) туралы ақпарат ұсынылады.

Мемлекеттік мекеме:

инвестициялық субсидиялау бойынша;

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 25-кестесіне сәйкес мемлекеттік кепілдіктер мен шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ұсынады.

32. ШҚЕ-3 "Ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)" нысанының баптары бойынша есепті кезеңдегі қызмет түрлері бойынша ақша қаражатының түсімдері мен шығулары бойынша ақпарат:

Жәбірленушілерге өтемақы қоры бойынша ақша түсімдері мен жүргізілген төлемдер туралы ақпарат;

Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры бойынша ақша түсімдері мен жүргізілген төлемдер туралы ақпарат;

Арнаулы мемлекеттік қор бойынша ақшаның тусуі және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат;

ШҚЕ-5 "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 24-кестесіне сәйкес бюджеттен тыс шоттар бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы ақпарат беріледі.";

42-тармақтың жиырма бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

""Озге кірістер" бабы (жол коды 040) бойынша үшінші тараптардан активтерді, өтемақыны (бұрын танылған активтердің құнсыздануынан болған залалдар) өтеусіз алудан түсетін кірістер, жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Арнаулы мемлекеттік қорына түсетін кірістер мен өзге де операциялардан алынған кірістер көрсетіледі.";

54-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жергілікті бюджетті атқару жөніндегі облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың уәкілетті органдары есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 20

наурыздан кешіктірмей облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті әкімдікке, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың уәкілетті органына, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың тиісті органдарына ұсынады.";

көрсетілген бүйрықпен бекітілген 1, 5 және 6-қосымшалар осы бүйрыққа 1, 2, және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) "Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15594 болып тіркелген):

көрсетілген бүйрықпен бекітілген 1, 5 және 6-қосымшалар осы бүйрыққа 4, 5, және 6-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларында:

21-тармақтың он үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6010 "Ағымдағы қызметті қаржыландырудан алынатын кірістер", 6020 "Күрделі салымдарды қаржыландырудан алынатын кірістер", 6030 "Трансфертер бойынша кірістер", 6040 "Субсидиялар төлемдері бойынша қаржыландырудан түсетін кірістер", 6050 "Қайырымдылық көмектен алынатын кірістер", 6060 "Гранттар бойынша кірістер" , 6070 "Қарыздардың түсімдерінен түсетін кірістер", 6080 "Айырбас емес операциялардан алынатын өзге кірістер", 6110 "Tauарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден алынатын кірістер", 6210 "Сыйақылар бойынша кірістер", 6220 "Активтерді басқарудан алынатын өзге де кірістер", 6310 "Әділ құнның өзгеруінен түсетін кірістер", 6320 "Ұзак мерзімді активтердің шығуынан алынатын кірістер", 6330 "Өтеусіз түрде алынған активтерден алынатын кірістер", 6340 "Бағамдық айырмадан түсетін кірістер", 6350 "Залалдарды өтеуден алынатын кірістер", 6360 "Өзге кірістер", 6370 "Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерден алынатын кірістер", 6371 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына түсімдерден түсетін кірістер", 6372 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына түсімдерден түсетін кірістер", 6373 "Арнаулы мемлекеттік қорына түсімдерден түсетін кірістер", 6374 "Арнаулы мемлекеттік қорға орталық уәкілетті органның түсімдерінен түсетін кірістер", 6375 "Арнаулы мемлекеттік қорға жергілікті уәкілетті органның түсімдерінен түсетін кірістер ", 6380 "Бағалы қағаздарды орналастырудан түсетін кірістер";";

25-тармақтың он екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"020 "Қорлар" (1310, 1320, 1330, 1340, 1350, 1360 шоттары) жолы бойынша қорлардың құнсыздануына арналған резервті шегергендеңі материалдардың, аяқталмаған өндірістің, дайын өнімнің, тауарлардың, Мемлекеттік мұлік тізілімі деректерімен расталған "Мемлекеттік мұлік туралы" (бұдан әрі – Мемлекеттік мұлік

туралы зан) Қазақстан Республикасы заңының 21-бабында көзделген жекелеген негіздер бойынша мемлекеттің меншігіне айналдырылған (тұсken) мүліктің, жолдағы қорлардың қалдығы көрсетіледі. ";

31-тармақтың он үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"221 "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" (3270 шоты) жолы бойынша уақытша орналастыратын ақшалар бойынша қызметкер жұмыстан босаған, степиндианттың оқу мерзімі аяқталған, атқару құжаттың пайдалану мерзімі аяқталған немесе мерзімі бір жылға дейінгі басқа да құжаттарға байланысты, қолма-қол тиындарды ақша айналымынан алу себептері бойынша жағдайларда төленбеген немесе артығымен төленген тиындар сомасы, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан, Арнаулы мемлекеттік қордан өтемақы төлемдері бойынша берешек және өзге де кредиторлық берешек көрсетіледі. ";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Баланстан тыс шоттарда мемлекеттік мекемелерге тиесілі емес, бірақ уақытша оның пайдалануындағы немесе билігіндегі құндылықтар, сондай-ақ қатаң есептегі бланктері, жауапты сақтауға қабылданған немесе орталықтандырылған жабдықтау бойынша төленген қорлар, баланстан тыс шоттарда ескерілген демалыс үйлеріне жолдамалар мен басқа да активтер көрініс табады.

610, 620, 630, 640, 650, 660, 670, 680, 690, 700 - жолдары бойынша жолдардың нөмірлеріне сәйкес материалдық құндылықтар, жалға алынған активтер мен басқа де баланстан тыс активтер есепке алынған баланстан тыс активтер санамаланған. ";

40-тармақтың жиырмасыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"040 "Өзге кірістер" (6330, 6350, 6360 және 6370 шоттары) жолы бойынша активтерді, үшінші тараптардан өтемақыларды (бұрын танылған активтердің құнсыздануынан тұсken залалдар) тұсken кірістер, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Арнаулы мемлекеттік қорына түсетін түсімдерден алынатын кірістер және өзге операциялардан алынған кірістер көрсетіледі. ";

41-тармақтың жиырма сегізінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"150 "Өзге шығыстар" (7450, 7460 және 7490 шоттары) жолы бойынша құмәнді борыштар бойынша резерв құру бойынша, қорлар бойынша шығыстар және өзге де шығыстар көрсетіледі. ";

79-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"79. Қаржылық есептілікке ашылымдарда мынадай ақпарат ұсынылады.

"Ақшалай қаражат және олардың баламалары" деген бап бойынша (КЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 010-жолы):

КЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 1-kestесіне сәйкес есепті кезеңдің басындағы және аяғындағы ақша қаражаты қалдығы туралы деректер.

"Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 011 және 110-жолдары):

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 2 және 5-кестелеріне сәйкес есепті кезеңдің басындағы және аяғындағы қаржылық инвестициялар (квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қаржылық инвестициялардан басқа) және өзгерістері бойынша деректер;

квазимемлекеттік сектордың субъектілеріне салынған ұзақ мерзімді инвестициялар (квазимемлекеттік сектор субъектілерінің атаулары мен тұрғылықты жерлері, жарғылық капиталында мемлекеттің қатысу үлесі) бақыланатын және басқа субъектілер бойынша ақпарат;

кейіннен қаржы инвестиацияларының жекелеген сыныптары бойынша (әділ, амортизацияланған немесе қандай да бір өзге құны бойынша) бағалау;

берілген қарыздар бойынша ақпарат;

қаржы инвестиациялары мен берілген қарыздардың құнсыздануының объективті белгілерінің болуы;

есепті құнге қаржы инвестиацияларына байланысты тәуекелдердің сипаты мен мөлшерлері;

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 21-кестесіне сәйкес кірістердің тиісті бюджет сыныптамасы кодына бюджетке аударылуға жататын және аударылған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің дивидендтері мен таза табысының бөлігі бойынша ақпарат.

"Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 012, 013, 014, 015, 016, 017, 018, 019, 021, 023, 111, 112 және 113-жолдары):

есепті кезеңдің басындағы және аяғындағы дебиторлық берешекті салыстырып тексеруді, есепті кезең үшін дебиторлық берешек сомасындағы өзгерістер талдауын ұсынады;

байланысты тараптармен (өз жүйесінің мемлекеттік мекемелері мен бақыланатын субъектілер) операциялар бойынша ақпарат;

күмәнді дебиторлық берешектер бойынша құрылған резерв жөнінде есеп айырысулар;

есептен шығарылу себептерін көрсете отырып, күмәнді дебиторлық берешектер бойынша есептен шығарылған үмітсіз борыштардың сомалары;

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 22-кестесіне сәйкес есепті кезеңдің басына және аяғына салықтық түсімдер бойынша есеп айырысулардан бюджетке дебиторлық берешекті салыстырып тексеруді ұсынады;

банкроттардың және мәжбүрлеп таратылатын өзге де занды тұлғалардың салық берешегін қоса алғанда салық түсімдері бойынша бюджетпен есеп айырысу бойынша күмәнді дебиторлық берешек бойынша резерв жөніндегі ақпарат.

"Корлар" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 020-жолы):

ҚЕ-5 "Каржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 4-кестесіне сәйкес түсімдерді, қорлардың құнсыздануынан болған залал және өзге өзгерістерді көрсететін есепті кезеңнің басында және аяғындағы баланстық құнның салыстырып тексеруі ұсынылады;

қорларды бағалау әдісі;

қорлардың құнсыздануына арнап құрылған резерв жөнінде есеп айырысулар;

қорлардың құнсыздануына арнап резерв құру себептері;

қорлардың құнсыздануынан болған залалды қалпына келтіру себептері мен сомалары.

Ауыл шаруашылық өнімдерінің әрбір тобының оны алу (жинау) кезінде әділ құнын айқындау кезінде пайдаланылған әдістер туралы ақпарат.

"Өзге қысқа мерзімді активтер" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 022-жолы) есепті кезеңдегі өзге қысқа мерзімді активтердің түрлері бойынша жылдың басында, жылдың аяғында қозғалыстар (ұлғауы және азауы) болуы туралы деректердің сипаттамасы.

"Ұзақ мерзімді активтер" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 114, 116 және 118-жолдары):

ұзақ мерзімді активтердің әрбір сыйныбы бойынша түсіндірме жазбаның ҚЕ-5 "Каржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 6, 7 және 9-кестелеріне сәйкес түсімдерді, амортизацияны, құнсызданудан болған залалды және өзге өзгерістерді көрсететін есепті кезеңнің басына және аяғына арналған баланстық құнның салыстырып тексеруін ұсыну қажет;

ұзақ мерзімді активтерді бағалау әдістері;

ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануына арналған резерв құру бойынша есептеулерді;

ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануына арналған резерв құру себептері;

ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануынан болған залалдарды қалпына келтіру себептері мен сомасын;

уақытша түріп қалған ұзақ мерзімді активтер туралы ақпаратты;

толығынан амортизацияланған, бірақ пайдаланылып жүрген ұзақ мерзімді активтер туралы ақпаратты;

ұзақ мерзімді активтерді жалдаудың түрлері, мерзімі, шарттары туралы ақпаратты ұсыну қажет.

Ұзақ мерзімді активтер қайта бағаланған құны бойынша көрсетілген жағдайда ақпарат ұсынылады:

қайта бағалауды жүргізу құні туралы;

тәуелсіз бағалаушының қатысуы туралы (лицензияның нөмірі мен күнін көрсете отырып);

ұзақ мерзімді активтер объектісінің әділ құнын айқындау үшін пайдаланылған әдістер туралы.

Сенімгерлік басқаруға берілген активтер бойынша, сенімгерлік басқарудан түсken кірістер мен шығыстардың түрлері бойынша ақпарат;

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" 23 кестесіне сәйкес "Аяқталмаған құрылыш және күрделі салымдар" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 115-жолы) құрылышы аяқталмаған объектілердің шығындары мен күрделі салымдар бойынша ақпарат ұсынылады:

аяқталмаған құрылыш пен күрделі салымдар бойынша әрбір топтың сипаттамасы берілсін.

"Биологиялық активтер" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 117-жолы):

биологиялық активтердің әрбір тобының әділ құнын айқындау кезінде пайдаланылған әдістер туралы ақпарат;

іс жүзіндегі шығындар бойынша бағалау жағдайында түсімдер, амортизация, құнсызданудан болған залал және өзге өзгерістері түсіндірме жазбаның ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 8-кестесіне сәйкес көрсетілетін есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы баланстық құн салыстырмасы ашып көрсетілсін.

"Материалдық емес активтер" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 118-жолы):

"Өзге ұзақ мерзімді активтер" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 120-жолы) жылдың басында, жылдың аяғында қозғалысы (ұлғауы және азауы) болуы туралы деректердің есепті кезеңдегі өзге қысқа мерзімді активтердің түрлері бойынша сипаттамасы.

Жалға алынған немесе берілген және концессияға берілген мүлік бойынша ақпарат.

"Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелері" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 210 және 310-жолдары):

қарыз арудың түрлері, шарттары және сомалары;

қаржылық міндеттемелердің жекелеген сыныптары бойынша (әділ, амортизацияланған немесе қандай да бір өзге құн бойынша) кейіннен бағалау;

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 10 және 11-кестелеріне сәйкес есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы өзгерістер;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша міндеттемелер жөніндегі ақпарат.

"Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 211, 212, 213, 214, 215, 216, 217, 218, 219, 220, 221, 223, 224, 311, 312, 313 және 315-жолдары):

байланысты тараптармен (өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерімен және бақылайтын субъектілермен) операциялар бойынша ақпарат;

пайдаланылмаған еңбек демалыстары бойынша резерв бойынша берешекті есептен шығару және есепке алу бойынша ақпарат;

кредиторлық берешекті есептен шығару сомалары мен себептері;

активтерді жалдау бойынша кредиторлық берешек туралы ақпарат;

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 22-кестесіне сәйкес есепті кезеңдің басындағы және аяғындағы салық түсімдері бойынша бюджетпен есеп айрысулар бойынша кредиторлық берешек туралы ақпарат;

вексельдер бойынша, оның ішінде төлем пайыздары бойынша есептелген сыйақы сомалары туралы ақпарат.

"Бағалау және кепілдік міндеттемелер" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 222 және 314-жолдары):

құрылған бағалау міндеттемелері бойынша ақпарат;

есепті кезең ішінде бағалау міндеттемелерінің пайдаланылған сомалары;

шартты міндеттемелер мен шартты активтер сипатының қысқаша сипаттамасы.

"Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 221-жолы) өзге кредиторлық берешек түрлері бойынша есепті кезеңдегі жылдың басында және аяғында болуы, қозғалысы (ұлғауы және азауы) туралы деректердің сипаттамасы.

"Өзге ұзак мерзімді міндеттемелер" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 315-жолы) өзге ұзак мерзімді міндеттемелер түрлері бойынша есепті кезеңдегі жылдың басында және аяғында болуы, қозғалысы (ұлғауы және азауы) туралы деректердің сипаттамасы.

"Өзге қысқа мерзімді міндеттемелері" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 223-жолы) өзге қысқа мерзімді міндеттемелер түрлері бойынша есепті кезеңдегі жылдың басында және аяғында болуы, қозғалысы (ұлғауы және азауы) туралы деректердің сипаттамасы.

"Резервтер" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 411-жолы) қайта бағаланған құнымен бағаланатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау бойынша резервтер бойынша, сондай-ақ шетелдік қызмет бойынша шетел валютасын қайта санауға арналған резерв бойынша қалдықтар мен операциялар туралы ақпарат ұсынылады.

"Кірістер" және "Шығыстар" деген баптар бойынша (ҚЕ-2 "Қаржы қызметі нәтижелері туралы есеп" нысанының 100 және 200-жолдары) есепті кезеңге кірістер мен шығыстар бойынша ақпарат ұсынылады:

кірістердің әрбір санаты бойынша;

активтерді басқарудан түсетін кірістер мен шығыстар бойынша (инвестициялардан, қарыздардан, қаржылық жалдаудан сыйақылар және активтерді басқарудан түсетін өзге кірістер мен шығыстар бойынша);

негізгі құралдардың, инвестициялық жылжымайтын мүліктің шығуынан кірістер мен шығыстар бойынша;

негізгі құралдардың құнсыздануынан болған залалдар және бұрын танылған резервті қалпына келтіру бойынша;

қорлардың құнсыздануының резерв сомалары бойынша және бұрын танылған резервті қалпына келтіру;

есепті кезенде және өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде құрылған бағалау резервтерінің сомалары бойынша және бұрын танылған резервтерді қалпына келтіру.

"Өзге кірістер" деген баптар бойынша:

ұзақ мерзімді активтердің әрбір сыныбы бойынша – олардың әділ құнының өзгеруінен алынған кірістер туралы;

өтеусіз қабылданған ұзақ мерзімді активтер туралы;

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 12-кестесіне сәйкес өзге кірістер бойынша ақпарат ұсынылады.

"Бюджетке түсетін салықтық кірістер" деген бап бойынша ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 13-кестесіне сәйкес (ҚЕ-2 "Қаржылық қызмет туралы есеп" нысанының 020 жолы) бюджетке түсімдерден есептелген кірістер туралы ақпарат ұсынылады:

трансфертер түсімдері және республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін басқа да түсімдер бойынша ақпарат.

"Өзге шығыстар" деген баптар бойынша:

ұзақ мерзімді активтердің әрбір сыныбы бойынша –түгендеу барысында айқындалған активтердің құнсыздануынан шыққан шығыстар туралы;

күмәнді дебиторлық берешектер бойынша резервтер туралы;

өтеусіз берілген ұзақ мерзімді активтер/қорлар туралы;

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 14-кестесіне сәйкес өзге де шығыстарға.

"Өтеусіз берілген/алынған ұзақ мерзімді активтер/қорлар" деген бап бойынша:

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 16 және 16-1-кестелеріне сәйкес өтеусіз берілген/алынған ұзақ мерзімді активтер/қорлар туралы.

"Концессиялық активтер және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша өзге де активтер бойынша ақпарат" деген бап бойынша:

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 17-кестесіне сәйкес негізгі құралдар түрлері бойынша концессиялық активтердің және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары шенберінде алынған өзге де активтердің болуы туралы.

"Өзара операциялар бойынша ақпарат" деген бап бойынша:

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 18-кестесіне сәйкес әниминирлеу бойынша операцияларды анықтау мақсатында өзара операциялар бойынша кіріс және шығыс түрлері бойынша ақпарат;

ҚЕ-3 "Ақша қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс)" нысанының "Сыртқы қарыздар және байланысты гранттар" 017-жолы бойынша көрсетілген сыртқы қарыздар шоттарына ақша қаражатының түсімдері бойынша.

7120 "Бюджетпен есеп айырысулар бойынша шығыстар" шоты бойынша есептелген және аударылған сомалар жөніндегі ақпарат бабы бойынша:

7120 "Бюджетпен есеп айырысулар бойынша шығыстар" шоты бойынша есептелген және бюджет кірістері мен шығыстарын әниминирлеу бойынша операцияларды анықтау мақсатында ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 19-кестесіне сәйкес бюджет түсімдерінің санаттары бойынша бюджетке аударылған сомалар туралы ақпарат.

"Бюджетке түсетін түсімдердің азаюы бойынша шығыстар" деген бап бойынша (ҚЕ-2 "Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп" нысанының 137-жолы) ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 15-кестесіне сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер алдындағы бұрын есептелген кірістерді және аударылған кеден баждарын түзету кезінде туындастын бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдердің азаюы бойынша шығыстар туралы ақпарат ұсынылады.

"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша міндеттемелер" деген бап бойынша ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 20-кестесіне сәйкес шартта көзделген мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде қаржылық емес және қаржылық міндеттемелер бойынша (инвестициялық және операциялық шығындарды өтеу, сыйақылар және өзге де міндеттемелер бойынша) міндеттемелер туралы ақпарат ұсынылады.

Мемлекеттік мекеме:

инвестициялық субсидиялау бойынша;

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 25-кестесіне сәйкес мемлекеттік кепілдіктер мен шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ұсынады.";

80-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"80. "Қаржыландыру көздері бойынша мемлекеттік мекеменің есеп шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс)" (ҚЕ-3 нысаны) баптарына сәйкес, есепті кезеңдегі қызмет түрлері бойынша ақшалай қаражаттардың түсімдері мен шығыстары туралы ақпарат ұсынылады:

Жәбірленушілерге өтемақы қоры бойынша төленген ақша мен төлемдер туралы ақпарат;

Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры бойынша түскен ақша мен жүргізілген төлемдер туралы ақпарат;

Арнаулы мемлекеттік қор бойынша ақшаның тұсуі және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат;

басқа шоттардағы ақша қозғалысы туралы, ҚЕ-5 нысаны 24-кестесіне сәйкес "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" туралы ақпарат".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

